

кірісіп істейді, жұмысты жеріне, шәкірттің жетесіне жеткізіп жасайды. Қасым Аманжолов «Біреудің аспандағы асылымын, Біреудің жерде қалған жасығымын» демеуші ме еді, біздің әрқайсысымыз да біреуге асыл, біреуге жасық шығармыз, бірақ Жандос Қожахметұлының сөзі мен ісінде, мінезі мен құлқында жасықтық жоқ, текті асылдық тұнып тұр. Ә.Бөкейхановша айтсақ, ұлтына қызмет ететін адамда білім мен мінез болуы керек. Көрнекті сыншы, ғалым Қалжан Нұрмаханов «Әдебиетші болмағанда, өмірім он жылға ұзақ болар еді» депті, Жәке, сіз бұл сөзді тоқсанға келгенде айтыңыз.

Ұлы Отан соғысының, ардагері, Жәкеңнің ардақты әкесі, жалғыз қолымен өмір бойы мұғалімдік еткен Қожахмет ақсақал: «Жас кезде дос деген көп болады, келе-келе барлығы жоқ болады» деген екен 80 жылдам астам өмірінің бір белесін тұжырымдап. «Адамның жасын жасаған жасымен емес, жасаған жақсылығымен өлшеу керек». Бұл нақылды мүшел той иесіне де қатысты айтуға болады. Ол – асылдың сынығы, жақсының тұяғы болғандықтан, өзі де асылға, жақсыға айналған азамат.

Қазақтың батасында «60 жаста алты ағаң, 70 жаста жеті інің болсын» дейді екен. Қазір жеті ағаңыз болса, жетпіске келгенде сол жеті ініңіздің бірі болып жүрейік. Жандос Қожахметұлы достың да, дұшпанның да сатқындық жасағанын көрді, бірақ күйзелгенмен, күйреген жоқ, сүрінгенмен, сұлаған жоқ, жығылғанмен, жылаған жоқ, жалынған жоқ.

Күншілдер өле берсін күйігінде,  
Өз биігім өзімнің иінімде.

Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты

Мен өлемін өзімнің биігімде! – деп Төлеген Айбергенов айтқандай, күншілдер күйінбей-ақ, өз биігіңізді ақ жаңбырлар тоздырмай-ақ, өз ініңізде тіршілік кешіп жүре бергейсіз, құрметті Жәке!

Мақаламызда ақындардың жыр жолдарын көбірек тілге тиек етудің бір сыры Жандос Қожахметұлы әдебиетке құштарлығы өлең жазудан басталғандықтан, бір кездегі Қарағанды политехникалық институтының бірінші курсы бітірген соң, өз еркімен шығып, ҚарМУ-дың филология факультетіне оқуға түседі. Сондықтан ақын жанды ғалым жайлы әңгімені өлеңдермен өрбітіп отырмыз.

Бір данышпан жұрттың: «Адамдар қартайғанда ғашық бола білмейді» деген сөзіне: «Дұрыс емес. Адамдар ғашық болмағаннан қартайды» деп уәж айтыпты. Құдай ғашық болудан кенде қылмасын. Өмірге ғашық әніңіз әлі айтылған жоқ, Мұхтар Әуезовтің қан базарының басына, алпыс деген тал түске келдіңіз. Жүрісіңнен жаңылмай, аяңыңнан айнымай, жорғаңмен жайқалып, желгендей желдей есіп, шапқанда шабытты болып, жасай бер, жылқы мінезді Ақтаңгер, жампоз Жәкем!

## СЛОВО ОБ УЧЕНОМ

*Жумабеков М.К., к.ф.н., доцент,  
КарГУ имени Е.А.Букетова*

Писать о творческой личности, с которой ты знаком много лет, с одной стороны, приятная миссия, а с другой – большая ответственность. Ведь в подобного рода очерках есть опасность субъективного мнения. Для меня таким человеком является доктор филологических наук, профессор Карагандинского государственного университета им. академика Е.А.Букетова Жандос Кожахметович Смагулов, известный казахстанский литературовед, критик, внесший большой вклад в изучение истории казахской литературы. Каждая его научная статья, выступление о литературе, искусстве, культуре всегда вызывают живой интерес не только в научных кругах, но и у широкой общественности.

Талант Жандоса Кожахметовича многогранен. Ему принадлежат научные разыскания в различных областях науки – фольклористике, литературоведении, культурологии. Помимо этого, он проявил себя в таких сферах как культура и общественная деятельность. Где бы он не трудился, какую должность не занимал, везде подходит к своим обязанностям творчески, увлеченно. Он всегда находится в постоянном творческом поиске, углубляя знания и умело применяя их в практической деятельности. Его активная жизненная позиция позволяет с легкостью преодолевать возникающие трудности.

Жандос Кожахметович Смагулов родился 16 сентября 1956 года в селе Каратал (ныне село

Шабанбай) Актогайского района Карагандинской области. В 1974 году поступил на специальность «Казахский язык и литература» филологического факультета Карагандинского государственного университета, который окончил в 1979 году.

Старт научно-педагогической деятельности был дан в 1979 году, когда Смагулов Ж.К. провел свой первый урок в школе им. К.Нуржанова Актогайского района. В 1980-1982 годы он занимал должность заведующего методической работой, а также директора восьмилетней школы села Жамшы. Именно в эти годы Жандос Кожакметович значительно преуспел в преподавании филологических дисциплин, с энтузиазмом взялся за организацию кружковой работы, занимался патриотическим воспитанием учащихся.

Более 35 лет ученый работает в системе высшей школы. В 1983 году Смагулов Ж.К. устраивается старшим преподавателем кафедры казахской литературы КарГУ, где и работает по настоящее время. С 1993 по 1995 годы заведует кафедрой казахской литературы, с 2000 года по 2003 год – заведующий кафедрой журналистики, а с 1995 года по 1997 год работает в качестве заместителя декана филологического факультета.

Основное направление научных разысканий профессора Смагулова Ж.К. – это история национального литературоведения и проблемы методологии. В 1993 году им была защищена диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук на тему «Проблемы изучения литературного наследия казахского народа» по специальности 10.01.02 – «Казахская литература». В 2009 году была защищена докторская диссертация на тему «Зарождение и пути становления казахского литературоведения». Смагулов Ж.К. является автором 4 монографий, 7 учебников и учебно-методических пособий, а также свыше 250 научных и критических статей. Значительных результатов добился Смагулов Ж.К. и в области литературной критики. Он постоянно откликается на каждую новую книгу в казахской литературе вдумчивой рецензией. Его критические статьи публикуют средства массовой информации.

Профессор Смагулов Ж.К. активный участник многих Международных научно-теоретических конференций, симпозиумов и конгрессов, посвященных актуальным проблемам национального литературоведения. Труды профессора Смагулова Ж.К. известны далеко за пределами Казахстана. Его статьи опубликованы в авторитетных зарубежных изданиях таких стран как Россия, США, Болгария, Китай, Турция, Грузия, Кыргызстан и других. Научные работы Жандоса Кожакметовича вызвали особый интерес у зарубежных ученых, в связи с чем он в 2005 году был приглашен в университет имени Гази города Анкара в Турции, а в 2014 и 2015 годах в высшие учебные заведения Китайской Народной Республики для чтения лекций.

Особую оценку получил доклад ученого Смагулова Ж.К. на тему «В унисон с великими» (о переводах Ш.Кудайбердиевым произведений Л.Толстого) на международных Толстовских чтениях в Туле. Об этом пишет В.Хижняк на страницах российской газеты «Класс-Тайм» от 3 октября 2012 года «В этой интересной работе дан не только подробный анализ переводческой деятельности великого казахского просветителя Шакарима Кудайбердиева, но и приводится ряд казахских исследователей творчества Льва Толстого и переводчиков его произведений на казахский язык» [1]. Российских ученых поразил тот факт, что имена казахских просветителей практически неизвестны современным толстоведам. Казахская литературная элита во главе с А.Букейхановым ставила целью не только развитие отечественной литературы путем переводов сочинений великих русских классиков, но и пропагандировала собственное обучение, совершенствование на их примере, путем художественного слова служенить своему народу. По словам профессора Смагулова Ж.К., один из самых ярких представителей переводов Л.Толстого – Шакарим Кудайбердиев.

За время работы в Карагандинском государственном университете им. академика Е.А.Букетова профессор Смагулов Ж.К. проявил себя как квалифицированный научный работник, хороший организатор и руководитель научных исследований. Он оказывает методическую помощь в подготовке национальных научных кадров, являясь руководителем докторантов, магистрантов, выступая в качестве официального оппонента на защитах диссертаций, рецензируя научные работы, читая лекции не только для студентов, но и для учителей школ. Среди его учеников 2 кандидата филологических наук, подготовлено 8 магистров филологии. За успехи и добросовестный труд профессор Смагулов Ж.К. был неоднократно отмечен различными благодарственными письмами и награжден грамотами. В 2013 году удостоился высокого звания «Лучший преподаватель года».

Но все же главная его привязанность – это люди. Многочисленные студенты, которые в нем ищут поддержку и вместе с ним развивают его идеи. Коллеги в нем находят внимательного, доброжелательного слушателя и советчика. Он доброжелательный и мудрый в общении. Профессор Смағұлов Жандос Қожахметович – человек необыкновенной смелости, верности долгу и убеждениям.

#### Литература

1. В.Хижняк. Толстой и Шакарим. // «Класс-Тайм» от 3 октября 2012 года, №36

### ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ ТАҒЫЛЫМЫ

*Жумагелдин Ж.Ш., аға оқытушы,  
филология магистрі,  
Жарылғасын Ә.Р., студент  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазақ әдебиеті сынының тарихында өзіндік жаңалығымен, сонылығымен келген ұстазымыз Жандос Қожахметұлы арқалы алпыс жасқа келіп отыр. Өзінің ашық мінезді, кең пейілді табиғатымен танымал Жакең ғылым жолында өзіндік мектебін қалыптастырған ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының (МАИН) академигі, әдебиеттанушы ғалым, сыншы.

Профессор Ж.Смағұловтың зерттеу нысанасының басты бағыты – ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамасының мәселелері. Қазақ халқының сыншылдық-эстетикалық, әдеби-теориялық, әдеби-тарихи көзқарастардан құралатын ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінің туып-қалыптасу жолдарын ғылыми таразылады. 1993 жылы 10.01.02 - «Қазақ әдебиеті» мамандығы бойынша «Қазақтың әдеби мұрасын игеру проблемалары» деген тақырып бойынша кандидаттық, 2009 жылы «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу жолдары» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Ж. Смағұлов - 4 монография, 5 оқулық пен оқу құралы және бірнеше оқу-әдістемелік құралдардың, 200-ден астам ғылыми және сын мақалалардың авторы.

Ғалым ағамыздың еңбектерінің тізімін саралайтын болсақ қазақ әдебиеті сынының тарихы, қазақ әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу, даму жолдары төңірегінде мынадай мәселелерді көтергендігін байқаймыз:

1. 1920-30 жылдардағы фольклортану мәселелері.
2. 1940-1955 жылдардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің дамуы мен дағдарысы.
3. 1956-1970 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеттануындағы ізденістер мен іркелістер.
4. Т.Кәкішұлы және қазақ әдебиеті сыны тарихының зерттелуі.
5. ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басындағы фольклортану.
6. Ғұмырнамалық зерттеулер мен өлең сөздің теориялық мәселелері.
7. Қазақ библиографиясының тарихы.
8. Қазақ библиографиясының қалыптасу жолдары .
9. Қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау проблемасы.
10. Қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі (1900-1941 ж.ж.)
11. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңі.
12. Қазақ әдебиеттануындағы ғылыми мектептер.
13. Ұлттық библиографияны жасаудағы алғашқы қадамдар.
14. Ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір.
15. Ұлттық әдебиеттанудың 1970-1990 жылдардағы даму арналары.
16. Ә.Бөкейханұлы - әдебиеттанушы ғалым.
17. Әдеби мұраны зерттеудің негізгі арналары.
18. Әдеби мұраны игерудің өзекті мәселелері (1920-30 ж.ж.)
19. Әдеби сын тарихы және ғылыми мектептер.
20. Әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірлеудегі ізденістер.
21. Әдебиет тарихының 1920-30 жылдардағы зерттелуі.

«Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999), «Ұлттық әдебиеттану әлемі» (2005) атты